

## Астананы Ақмола қаласына көшірудің алғашқы кезеңінде орналастыруға жататын жоғары және орталық мемлекеттік органдардың тізбесі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1887

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Астананы көшірудің алғашқы кезеңінде орналастыруға жататын Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды орналастыру жөніндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік комиссиясы ұсынған жоғары және орталық мемлекеттік органдардың тізбесі қосымшаға сәйкес макұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасының, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Уақытша жұмысшы аппаратының, Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Ішкі істер министрлігінің, Құрылыш, тұрғын үй және аумақтарда құрылыш салу министрлігінің, Көлік және коммуникациялар министрлігінің және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1996 жылы Ақмола қаласында олардың қызметінің басталуын ескере отырып, жетекші жедел топ құру туралы осы қаулыға қосымшада көрсетілген мемлекеттік органдарды орналастыруды әзірлеу мен қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ Ақмола қаласында құрылыш салу мен оның инфрақұрылымын дамытуда жұмыстарды ұйымдастыру жөніндегі ұсыныстармен келісілсін.

3. Ақмола қаласына Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды орналастыру жөніндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік комиссиясы;

<\*>

Ақмола облысының әкімімен бірлесіп, көшетін мемлекеттік органдарды орналастыруға арналған үй-жайлар мен ғимараттардың тізбесін анықтасын.

1996 жылғы 20 қантарға дейінгі мерзімде үй-жайлар мен ғимараттарды көшетін мемлекеттік органдарға белгіленген тәртіппен бекіту, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетіне тапсырылсын.

ЕСКЕРТУ. З-тармақ өзгертілді - ҚР Үкіметінің 1997.04.10. N 530

қаулысымен.

4. Осы тізбеге енбеген мемлекеттік органдар өз қызметін Алматы қаласында одан әрі жалғастыратын болады, осыған байланысты, алғашқы кезеңде жана астанаға көшетін министрліктерге, мемлекеттік комитеттер мен өзге орталық мемлекеттік органдарға екі апта мерзімде аталған органдар аппаратының көшу тәртібін, қалатын мемлекеттік органдармен өзара іс-қымыл жасауы үшін аппараттың бір бөлігінің өз қызметін Алматы қаласында жалғастыруын айқындасын және оны Ақмола қаласына

Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясының қарауына енгізсін.

5. Мемлекеттік органды белгілеген мерзімде көшіруге тиісті

органның басшылары жауапты деп белгіленсін.

<\*>

6. Қазақстан Республикасы Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі комиссияға осы қаулының орындалуына бақылау жасау жүктелсін.

<\*>

ЕСКЕРТУ. Қаулы 5,6,-тармақтармен толықтырылды - ҚР Үкіметінің  
1997.04.10. N 530 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 1995 жылғы  
29 желтоқсандағы  
N 1887 қаулысына  
қосымша

<\*>

1997 жылғы мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына  
көшірудің тізбесі мен мерзімі

---

Мемлекеттік органның атауы

і Көшіру мерзімі

---

1                    i                    2

---

Қазақстан Республикасы Президентінің  
Әкімшілігі (келісім бойынша)          IV тоқсан

Қазақстан Республикасының Парламенті  
және оның аппараттары (келісім бойынша)      IV тоқсан

Қазақстан Республикасының Үкіметі және  
Қазақстан Республикасы Премьер-  
Министрінің Кеңесі IV тоқсан

Қазақстан Республикасы Президентінің  
Күзет қызметі (келісім бойынша) IV тоқсан

Республикалық ұлан (келісім бойынша) IV тоқсан

Қазақстан Республикасы Президентінің  
Іс Басқармасы (келісім бойынша) IV тоқсан

Конституциялық Кеңес (келісім бойынша) IV тоқсан

Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім  
бойынша)\* IV тоқсан

Орталық сайлау комиссиясы (келісім  
бойынша) IV тоқсан

Жоғарғы Сот (келісім бойынша) IV тоқсан

Бас Прокуратура (келісім бойынша)\* IV тоқсан

Мемлекеттік тергеу комитеті (келісім  
бойынша)\* IV тоқсан

Баспасөз және бұқаралық ақпарат  
істері жөніндегі ұлттық агенттік  
(келісім бойынша) II тоқсан

Стратегиялық ресурстарды бақылау  
жөніндегі агенттік (келісім бойынша) IV тоқсан

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі  
агенттік (келісім бойынша) IV тоқсан

Республикалық бюджеттің атқарылуын

бақылау жөніндегі есеп комитеті  
(келісім бойынша) IV тоқсан

Ішкі істер министрлігі және Ішкі  
әскерлер қолбасшысының бас басқармасы\* III тоқсан

Сыртқы істер министрлігі\* IV тоқсан

Ауыл шаруашылығы министрлігі II тоқсан

Көлік және коммуникациялар министрлігі II тоқсан

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау  
министрлігі IV тоқсан

Қаржы министрлігі\* IV тоқсан

Экономика және сауда министрлігі\* IV тоқсан

Энергетика және табиғи ресурстар  
министрлігі IV тоқсан

Әділет министрлігі IV тоқсан

Қорғаныс министрлігінің жедел тобы\*\* -

"Қазақстан теледидары мен радиосы"  
республикалық корпорациясы III тоқсан

Қазақстан Республикасының Жоғары және  
орталық мемлекеттік органдары Ақмола  
қаласына көшіру жөніндегі комиссияның  
аппараты III тоқсан

---

\* 1997 жылы мемлекеттік органның бірінші басшысының  
белгілеуімен, аппараттың бір бөлігі көшіріледі.

\*\* 1996 жылы көшірілді

Ескерту. Мемлекеттік органдарды көшіру мерзімін айлар бойынша Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі комиссия белгілейді.

ЕСКЕРТУ. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1997.04.10. N 530 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК